

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің  
С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ



**ҚР 2015-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ  
ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР**

КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«КОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ  
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ С.МӘУЛЕНОВ  
АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение  
«ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ С.МАУЛЕНОВА  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА КОСТАНАЯ»  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 01 қыркүйек  
Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 356  
город Костанай

**2023-2024 оқу жылына арналған  
сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша  
іс-шаралар жоспарын бекіту  
және жүзеге асыру туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 Заңына және «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығына сәйкес, гимназияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Гимназияның 2023-2024 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсін. (1-қосымша)
2. Бекітілген жұмыс жоспарының ағымды оқу жылы бойы жүзеге асырылуы қамтамасыз етілсін.
3. Өткізілген іс-шаралар мен жұмыстар жөнінде тиісті ақпарат пен мәліметтер директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Алимоваға гимназияның лауазымдық тұлғалары тарапынан уақытында тапсырылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Алимоваға жүктелсін.



Директор:

А.Мадидбаев

Бұйрықпен таныстырылды:  
«01» қыркүйек 2023ж.

Г.Алимова